

"Медициналық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасында тіркелген және әскери-медициналық мекемелердің (ұйымдардың) дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 9 қарашадағы № 612 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 625 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қыркүйекте № 24432 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Медициналық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасында тіркелген және әскери-медициналық мекемелердің (ұйымдардың) дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 9 қарашадағы № 612 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21620 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Медициналық көмек көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасында тіркелген және әскери-медициналық мекемелердің (ұйымдардың) дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттар тізбесінде:

- реттік нөмірлері 6 және 7-жолдар алып тасталсын;
- реттік нөмірлері 12 және 13-жолдар алып тасталсын;
- реттік нөмірі 65-жол алып тасталсын;
- реттік нөмірі 68-жол алып тасталсын;
- реттік нөмірлері 80, 81, 82, 83 және 84-жолдар алып тасталсын;
- реттік нөмірлері 86 және 87-жолдар алып тасталсын;
- реттік нөмірі 89-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119-жолдармен толықтырылсын:

"

91.	Тиамин гидрохлориді, Пиридоксин гидрохлориді, Цианкобаламин	инъекцияға арналған ерітінді 2 мл	ампула
92.	Калий цитраты	1080 мг ұзаққа созылатын әсері бар таблеткалар	таблетка
93.	Темір полиизомальтозаты	100 мг шайнайтын таблеткалар	таблетка

94.	Натрий ацетат тригидраты, натрий хлориді	инфузияға арналған ерітінді 0,9 % 400 мл	сауыт
95.	Калий гидроксиді, жеңіл магний оксиді, аспарагин қышқылы	250 мл инфузияға арналған ерітінді	сауыт
96.	Ницерголин	10 мг таблеткалар	таблетка
97.	Омега-3 этил эфирі 90 қышқылы	1000 мг капсулалар	капсула
98.	Изоконазол	20 г крем 1 %	орам
99.	Изоконазол нитраты, дифлукортололон валераты	крем 15,0	орам
100	Гидрокортизон ацетаты, окситетрациклин гидрохлориді	10,0 жақпамайы	орам
101	Бентаметазон дипропионаты, гентамицин, клотримазол	крем 15,0	орам
102	Джозамицин	500 мг қабықты таблеткалар	таблетка
103	Азоксимер бромиді	6 мл ерітінді	ампула
104	Азоксимер бромиді	12 мг вагинальдық ректалды суппозиторий	суппозиторий
105	Лидокаин гидрохлориді, толперизон гидрохлориді	1 мл ерітінді	ампула
106	Сұйық Ново-пассит экстракты, Гвайфенезин	100 мл ерітінді	сауыт
107	Сұйық Ново-пассит экстракты, Гвайфенезин	таблеткалар	таблетка
108	Ұсақталған шүйгіншөп түбірі	30,0 тұнба	сауыт
109	Қою шүйгіншөп экстракты	0,02 таблеткалар	таблетка
110	Стандартты гинкго билоба экстракты	40 мг таблеткалар	таблетка
111	Нафазолин	0,1 % 10,0 мұрынға арналған спрей	сауыт
112	Нафазолин	0,1 % 10,0 мұрынға арналған тамшы	сауыт
113	Фенотерол	100 мкг/дозасы 10 мл аэрозоль	сауыт
114	Гимекромон	200 мг таблеткалар	таблетка
115	Пефлоксацин	400 мг/5 мл ерітінді	ампула
116	Пефлоксацин	400 мг үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар	таблетка
117	Винпоцетин	5 мг таблеткалар	таблетка
118	Винпоцетин	инъекцияға арналған ерітінді 0,5% 2 мл	ампула

119	Тофизопам	50 мг таблеткалар	таблетка
-----	-----------	-------------------	----------

"

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас әскери-медициналық басқармасының бастығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі*

М. Бектанов

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі**